

Министерство образования и науки
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Библиотека аль-Фараби

Онлайн-
конкурс
«Абай –
руханияттың
алтын
қазығы»

15 мая

2020

Данный сборник объединяет эссе написанные участниками Онлайн-конкурса «Абай – руханияттың алтын қазығы» («Абай – основа духовности»).

Тур - эссе

Министерство образования и науки
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Библиотека аль-Фараби

Онлайн-конкурс «Абай – руханияттың алтын қазығы» («Абай – основа духовности»)

К 175-летию великого поэта, мыслителя, просветителя Абая Кунанбаева Библиотекой имени аль-Фараби будет проводиться онлайн- конкурс «Абай – руханияттың алтын қазығы». В конкурсе могут участвовать все желающие.

При поддержке директора библиотеки аль-Фараби Туенбаевой К.Т.

Выражаем отдельную благодарность экспертам оценивавшим работы участников:

Султанбаевой Г.С. (проф. кафедры печати и электронных СМИ КазНУ им. Аль-Фараби);
Иржановой Г. (директор библиотечно-информационного центра ТарГУ им. М.Х. Дулати.);
Джаманкозевой А. (начальник Управления информационных услуг Библиотеки аль-Фараби);
Усербаевой С.М. (библиотекарь-менеджер Библиотеки аль-Фараби)

Ред. коллегия и организационные моменты:

Тастанкулов Еркин (руководитель Центра развития и коммуникаций Библиотеки аль-Фараби);
Муратбекова Балжан (библиотекарь-менеджер Библиотеки аль-Фараби).

Алматы, 2020

«Абай – руханияттың алтын қазығы»

Список участников тура эссе:

№	ФИО	Факультет	Курс	Название эссе
1.	<i>Қырғызбай Әлия Ержанқызы</i>	Филология және әлем тілдері	2	Ардақты Абайдың аласармас асқақтығы
2.	Шотпек Аружан Манасқызы	Филология және әлем тілдері	2	Абай – дана, Абай – дара қазақта
3.	Адилбек Динара	Филология және әлем тілдері	1	Қазақтың дана Абайы
4.	Есетова Мөлдір Куншуақызы	Филология және әлем тілдері	2	Абай тағылымы тәрбие үрдісінде...
5.	Мұхтар Тоқжан	Филология және әлем тілдері	1	Ұлылықты ұлықта !
6.	Сүйеубаева Ақмарал Таңатарқызы	Филология және әлем тілдері	2	Ұлыны ұлықтаған қандай бақыт!
7.	<i>Шәми Гүлназ Сәкенқызы</i>	Филология және әлем тілдері	2	Абайдан қалған асыл сөз

Қырғызбай Әлия Ержанқызы
әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің
Филология және әлем тілдері факультетінің
2-курс студенті.

АРДАҚТЫ АБАЙДЫҢ АЛАСАРМАС АСҚАҚТЫҒЫ

Адамзаттың ақыны, ғұлама, ағартушы, философ, композитор, ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлын исі қазақ танымауы мүмкін емес. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атаған ақынның мұрасы еліне таусылмас қазына. Ғұмырының әр сағатында елінің қамын жеп, ұйқысы сергек болған Абай ақынның ақындық келбеті ғана емес адамдық келбеті де әр қазаққа ыстық.

Шығыста туылып, бар қазаққа Шығыстан шығып, жан - жағына нұрын шашқан Күн секілді болған Абай өз еліне білім нұрын шашты. Адамдықтың ақ туын желбіреткен Абай ғұмырының әр сәті біз үшін құнды. Себебі, әр сәтінен қағазға түскен өнегелі өмір өрнегі аңғарылады. Гибратты ой түйіндері мен астарлы философиясы астасқан Абай еңбектерінің адам болам деп ұмтылушы кісіге берері мол. Абай өлеңдері мен қара сөздерін оқып, көңілге тоқып, сол қара сөздердің терең тағылымымен тәрбиеленіп өспеген қазақ баласы кемде - кем.

Себебі, Абай қара сөздерінде бейне бір саған қарама - қарсы отырып, әңгімелесіп отырған сияқтанады. Абай шығармалары дәуір шындығы мен тұлға шеберлігінің шендескен тұсы. Қазіргі қазақ тіліне енгізген «нұрлы ақыл», «жылы жүрек», «ыстық қайрат» сияқты метафоралар тілді көркемдеуде ерекшелік пен бейнелілік қалыптастырған. Талас -тартыстары тоқталмаған Шығыс пен Батыс арасын бөліп жармай, тоғыстыруға тырысқан ойшыл. Абай жас күнінде және медреседе оқыған жылдары Шығыс әдебиетінің

жауһарларына қанық болса, есейген соң орыс әдебиетімен қауышып, орыс ойшылдарымен таныс болған. Абайда Низами, Сағди шығармаларының желілері де, Тургенев шығармашылығының да мотивтері кездескен. Абай назира Шығыс пен либералдық Батысты ұштастыруға ұмтылған ұлы тұлға.

Абай негіздеген «толық адам» концептісі философияда, соның ішінде қазақ философиясында кеңірек талданып келеді. Абайтанушылар сөзінше, Абайдың бар шығармашылық мұрасы осы бір «толық адам» тұжырымында жинақталып, қорытылған дейді. Абайдың толық адам туралы ойының төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986ж.) өлеңінен басталып, ақынның «Адам болам десеңіз» деген ұраны аясында әрі қарай кеңірек таратылып, уақыт өткен сайын күрделену үстінде. Толық адамның бойын құрайтын ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқындалып, айшықталып бейнеленген:

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдында,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер малшашпақ –

Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеңіз. Осы өлеңді білмейтін қазақ жоқ шығар. Абайды оқып, Абай туралы сөз қозғаған адам қанша десеңізші! Пікірлер күнде

өзгереді, тіпті оны қадағалап та үлгермейсің, ал Абай сол қалпы. Өлеңге жайлы айтар болсақ, әбден түсінікті өлең. Жаман мен жақсының ара жігін бөліп, талдап жазған. Мүмкін дәл солай қабылдау керек шығар...? Дегенмен мен өзімше бір талдау жасадым. Өлеңде жақсы қасиет пен жаман қасиеттерді қатар беру сәтті шыққан. Мысалы:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ...

Бәрі де осы өсектен басталады. Әңгіме болсын деп өсек айтамыз. Ал өсектің арасында міндетті түрде өтірік қоса жүреді. Өсек пен өтірік айтатын адам осы «қабілетін» мақтануға келгенде де тамаша пайдаланады. Осы үшеуі негізі еріншек, жалқау адамның әрекеті. Тірлігі бар адамның өсек айтуға да уақыты болмасы сөзсіз! «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын». Тағы да Абай сөйлейді! Жұмыссыз, жалқау адам «бекер мал шашпағанда» қайтеді.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рахым ойлап қой...

Таудай талапсыз армандарға жетудің кілті тәрізді. Талап бар, енді алға қойған мақсатқа жету үшін еңбек, жай еңбек емес, терең оймен ұштасқан еңбек керек. Осы үшеуі орындалған жерде нәтижеге де жететінің сөзсіз. Сол нәтижеге қанағат етіп, адамдарға қол ұшын созып, рақым ойлап қоюды да ұмытпау керек. Әрине, бұл менің өз ойым! Адам болу туралы ой танымын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар беруі себепті М. Әуезов бұл өлеңді «Абайдың, әсіресе, көп ой қорытпай айтқан мағыналы да програмдық бір өлеңі», - деп ерекше мән бере бағалауында үлкен сыр жатыр. Осылайша Абай жас өркеннің бағдар түзер айқындамасы ретінде талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды атайды.

Қандай да ұлт болмасын өз елінің саңлақтары мен серілерін әрқашан ардақ тұтқан. Біз де өз ұлтымыздың өр рухты өрендерін өнеге тұтқан халықпыз. Ердің еңбегі әрқашан ел есінде. Абай уайымдап, дұрыс жолға салғысы келген қазақ жұрты сол кезден қазір қаншалықты жөнделді? Абай даңғылымен дұрыс келе жатырмыз ба? Ардақты ерді лайықты ардақтап, әспеттей алып жатырмыз ба? Уақыт өте келе біраз әттеген -айға ұшырасып жатқанымыз өтірік емес.

«Тойынған соң тоқтының еті топырақ татыптының» керісі болып жатқандай. Хайп үшін айыпқа бұйырмаңызды ұмытқандар қадірлі есімдердің қадірін кетіруге тырысып бағуда. Бүгінде Абайдың аты аталса, блогер Нұрлан Байділдәнің есімі еске түсетін деңгейге жеттік. «Мен оны ұлы адам деп санамаймын және оның бүгінгі қоғамда алып отырған орнын мойындамаймын. Абай біздің заманда өмір сүрсе, ары кетсе атақты блогер ғана болатын еді» деген еді. Байділдәның бұл пікірі қоғамдық резонанс тудырды. Тудырмасқа қояр ма? Мықтылар арасында бір - бірін мойындамау деген ұғым ертеден - ақ бар еді. Алайда, әлсіздердің мықтыларды мойындамауы логикалық тұрғыдан да, адами сипатта да ақтап аларлық әрекет емес. Блогер деген кім сонда?

Блогер - Интернет арқылы күнделікті блог жүргізетін адамдар. Олар жалпы алғанда, өз өмірлері туралы, қашан тұрғанын, қашан жатқанын, не жеп, не қойғанын айтатын адамдар. Енді сауал Байділдә мырзаға, Абай өз өмірі туралы жырлады ма? Қасиеттілікті қайыршылыққа теңеген блогер мырзаның пәтуасыз пікірінің мағынасы осыған саяды. Абай заманында болған таптық теңсіздік, байлардың кедейлерге көрсеткен қорлығы қазір де бар. Алайда, осыны ашып көрсетіп жатқан блогер аз. Заман өзгермейді, тек адамдардың санасы мен болмысы ауысуы мүмкін. Дегенмен, мәңгілікке баланатын моральдық құндылықтар ғұмырлы. Менің ойымша, жәй ғана «атың шықпаса, жер өртенің» кейпі. Байділдәнің баянсыз ойы адамзаттың барлығын бауырым деп сүйген Абайды сүйер қауымның наразылығына ұшырады.

Ал блогердің сөзін қолдайтындардың қатарында қоғам қайраткері, ақын Мырзан Кенжебай да бар. "Абай ешқандай да Бас ақын емес. Ахмет Байтұрсынов айтты екен деп бір адамды бүкіл ұлттың Бас ақыны деу әрі күнә, әрі надандық болар еді. Мына тұрған орыс, одан әрі неміс, тілі мен діні бір өзбек, әзірбайжан халықтарында Абайдан артық болмаса кем түспейтін небір данышпан ақындар бар. Парсы, тәжік поэзиясы әлемдегі ең озық поэзияның бірі. Бірақ олардың ешқайсысы "мынау Бас ақынымыз" деп бір адамды ғана аспанға көтермейді", дейді Мырзан Кенжебай.

Абайды бас ақын деп атау Байтұрсынұлынан бастау алып, барша қазақ қолдап, көтеріп, берген дәреже. Абайды Абай еткен ерен еңбегі мен терең парасаты. Лайықты ұлға лайықты атау. Ағылшындар Шекспирпен, орыс халқы Пушкинмен мақтанса Абай қазақтың бетке ұстар мақтанышы.

Тұнығымызды лайлауға тырысқандарды қалың көпшілік улы тілмен улатты.

Қасиетті тұлғаның қасиеттілігін кетіруге талпынғандарға қазақ қоғамы құрметпен қарамасы анық. Уақыт қарсы келе алмасымыз хақ, дей тұрғанмен адамзат жаралғаннан құнды болған құндылықтар маңыздылығын жоғалтпақ емес. Осы себептен де, Абай ғибраты ғұмырлы.

Абай дана, Абай дара қашанда. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп өткен дана Абайдың ғұмыры мен парасаты мен даналығымен көмкерілген шығармашылығы қай дәуірде де құндылығын жоғалтпақ емес. Абайдың қоғамды ізгілендіруге ұмтылған ізгі жүрегінің түбінен шыққан өлең жолдары барша адамзатқа шамшырақ тәрізді. Биыл туылғанына 175 жыл толып отырған ұлы тұлғамыздың ермек үшін жазбаған өлеңдері мен қара сөздерінің құндылығы телегей теңіз. Абай сынды ардақты ұлға лайықты құрмет көрсетпеу адамдығымызға, қазақтығымызға сын. Асқақ ұлы ақынды ардақтаған абзал.

Шотпек Аружан Манасқызы,
әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің
Филология және әлем тілдері факультетінің
2-курс студенті

АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА ҚАЗАҚТА

Дүниежүзі мәдениетінің көрнекілігі – шығармашылық адамдар. Көпшілікке танылып үлгерген не мүлдем таныла алмаған олардың жан дүниесі бір бөлек әлем. Сөздерімен ойларына үнемі өрнек жасап, өз тыңдармандарының құлақ құрышын қандыратын да солар. Жандары даналыққа, тектілікке, табиғатқа, асылдыққа, әдемілікке, тазалыққа, шынайылыққа, пәктікке, ыстық махаббат пен шексіз сезімге толы ақын-жазушыларымыз аз емес. Бүгінде ел есінде қалып, жадында жаңғырып, рухына руханият сыйлап жүргендердің қатары – Абай, Ыбырай, Мұқағали, Мұхтар, Міржақып, Әбіштер мен Шәкәрімдер. Бірақ мұнымен мен жаңа жазып өткен қатар легі аяқ таппайды. Себебі ол асылдардың «жүрегі мен тілегі бір» қатарластары мен артынан еріп «еліктеген» жас буындар да аз емес.

Мәдениеттің биігіне қалықтап жеткендерді әлем «элита» дейді. Сондай элиталардың іргесін бүгінде өнер сүйетін үлкен қауым құрап тұр.

Талғамы мен талабы биік элиталардың көңілінен шығып, көкейінде үлкен пайымдар мен толқыныстар қалдырған ақындардың ақыны, даналардың данасы, ұлылардың ұлысы – хәкім Абай. Поэзияда, музыкада, даналықта, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай–қазақ халқының өткен өмірін зерттеймін деген адамға таңғажайып тұлға.

Абай десе «Қазақтың Ұлы ақыны», «Ұлы Абай», «хәкім Абай», «Абай – дана, Абай – дара» дейтін брэнд тіркестер еске түсіп, тіл ұшына келе қояды. Бірақ мұның жауабы айқын, Абай – қазақтың біртуары.

Жоғарыда жазып кеткен Абай есімімен келген сөз тіркестерінің (Ұлы сөзі) мән-мағыналары сан мыңдаған мақалалар мен эсселер, ғылыми дәрістер мен қорғаулар, еңбектер мен арнаулар арқылы қорғалып келді, әлі де қорғалуда. Бірақ көбісі бұл ұлылыққа Абай әуелі өз даналығымен, даралығымен жеткендігін естен шығарып жатады. Иә, «Абай – дана, Абай – дара» деген тіркес «Ұлы Абайдан» кемдеу қолданыста жүр. Неге? Мұнымызбен біз асқақ Абайдың негізгі беделін аласартып, алалатып алған жоқпыз ба?

Кез келген жұмыстың мақсаты болады. Ал біздің мақсатымыз - дүйім жұртқа Абайдың ұлылыққа ақынның ең алдымен даналық пен даралықтың арқасында жеткендігін жеткізу. Тақырыбымыз да сол мақсатпен - «Абай – дана, Абай – дара қазақта». Бұл тіркестің мән-мағынасы тіпті тереңде жатқан жоқ. Тіркестің тұздығын тұздап, ақиқатын да дәлелдейтін – Абайдың өз шығармашылығы. *Сонымен Абай несімен дана да дара?*

«Анадан тумайды ешкім тәкаппар болып,

Туса да шатақтау болып

Өзіміз өзгертеміз атақтар беріп»

деп ән салып жүр бүгінгі әншілер. Осының басын әуеліде-ақ ашып берген кім? Абай емес пе? Ақын жаны:

«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңлі алып шығар

Ақылың мен еңбегің екі жақтап.

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,

Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.

Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?
Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме.
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде.

Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме» -

деп ішкі әлемінің *даналығын* жұртқа көркемсөзбен ұқтырады. Ақынның бұл өлеңін бүгінде білмейтін қазақ жоқ. Неге деп ойлайсыз? Өйткені оның дәл аталмыш өлеңі – дүниежүзі адамзаттары арасындағы болған, болып жатқан процесс, біздің заманның, дәл бүгінгі күннің ең өзекті проблематикасы. Бұл өлеңінен дана Абайдың өз ұрпағын асыра сенгіштіктен, асыра мақтангершіліктен, асыра сымпылдасып өтірікке алданудан сақтап, тек жүрек түкпірінен тапқан асылынан айырылып қалмауын насихат еткені жүрекке бұл өлеңсіз де жылулық сыйлап тұр. Бізді мұнша тебіrentіп, жадымызға ой салған бұл – *Абайдың даналығы*.

Бүгінде қазақ эстарадасының жарқын жұлдызы, әнші Ерболат Құдайбергенов:

«Біздің жігіттер, жігіттер, жігіттер,
Міне жігіттер, керемет жігіттер!
Мына біз – жігіттер, жігіттер жігіттер!
Арландай, тарландай біздің жігіттер!» -

деген ән шырқап елге танылды. Себебі біздің хан көңілді халқымыздың жүрек түкпірлеріне ән жете білді. Себебі ең алдымен, әннің сөзі сапалы. Сөзі – шындық, ақиқат, факт. Біздің елдің жігіттері, расымен де керемет, арландай,

тарландай мықты, рухты, күшті. Тағы бір «Біздің елдің жігіттері – жігіттердің төресі» деген ән айтылып жүр. Мұнда да қос қолдап келісеміз, жігіттің төрелері біздің елде екендігі рас әңгіме. Ал осындай жемісті (жігіттерді) шығаруға кімнің еңбегі сіңді екен, ойланып көрдік пе? Тек ата мен әженің тәрбиесі ме екен әсер еткен? Жоқ, нар тұлғалы жігіттеріміздің түп тамырынан бастап «кереметтілікке» жетуі үшін де Абай шетте қалған емес. Ақын жігіттерімізге «фундаменталды» тәрбие беру үшін:

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,

Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік

Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Кейбірек тындар үйден шыққанынша,

Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.

Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,

Абайлар әрбір сөзді өз халынша.

Шын ккңілмен сүйсе екен – кімді сүйсе,

Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.

Қырмызы, қызыл жібек, бозбалалар,

Оңғақ пұлдай былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалаға – талаптылық,

Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.

Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,

Сыртқа пысық келеді, сөзге сынық!» -

деп үндеген бұл өлеңінде жігітке жат қылықты жіктеп, бойларын түзу, ал ойларын таза ұстауға шақырады. Бүгінде қазақ жігіттері Абайдың дәл осы өлеңіндегі сөздерін әлеуметтік желілерге жазып, бір-біріне жарыса айтып, өзін және өзгелерді тәрбиелеп әлек. Қуантарлық жағдай емес пе? Әрине... Мұны да Абайдың даналығының арқасы деп бекітсек, ешкім қарсы болмас.

Бүгінде адам өмірін түбегейлі өзгертер дүние – өз психологиясы. Аталмыш өзекті мәселе боп тұрған психологияны зерттеп, түрлі тренинг өткізіп жатқан психолог-мамандар, мотиватор-ораторлар да аз емес. Бұл еңбекқорлардың 80% жұмыстарының мақсаты – адамды алға жетелеу, ойын өзгерту, жаман қылықтарынан арылтып, ізгілікке көш бастау, өмірін жақсы жаққа өзгерту. Бірақ бұл мамандардың субъектісі – бір ғана адам. Яғни, олар өз алдарына келген бір ғана адамның мінез-құлқын болжап, сол адаммен ары қарай жұмыс жасайды. Бұндай алып «психология» деп аталар тақырыпта да Абай қалыс қалмады. Ол сонда не істеді? Абай бір ғана адамның емес бір толық ұлттың (қазақ халқының) мінезінің кем тұстарын жіктеп берді. Сондай мінез көрсетудің салдарын да, ақырын болжап берді:

«Сабырсыз, арсыз,еріншек

Сабырсыз, арсыз,еріншек,

Көрсе қызар, жалмауыз,

Сорлы қазақ сол үшін,

Алты бақан алауыз.

Өзін-өзі күндейді,

Жақынын жалған міндейді

Ол — арсыздық белгісі.

Ұятсынбай, ойланбай,
Қой дегенге тіл алмай,
Іс қылмай ма үлгісі?
Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ қарғып түсем деп,
Мертігеді, жатады.
Ұрлықпен мал табам деп
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады».

Өкінішке орай, бұл – қазаққа ашщы тисе де, ақиқатқа негізделген өлең. Ақиқатында қазақ көрінісі бүгінде мұнша сорлылық пен ұрлық, жалмауыздық пен алауыздық танытып жатқаны жоқ. Дегенмен бұл «сорлы" қасиеттер бойымыздан әлі өшкен емес. Бірақ, Абайдың дәл осы өлеңін оқығанда, жаттап алып жадымыздан ақтарғанда барша бойымыздағы сол қылықтардан безетініміз де бар. Бұны да Абайдың даналылығы деп түрту керекпіз.

Абайдың даналығын жоғарыда жаза кеткен шағын дәлелдемелерімнің қатары мұнымен шектелмейді. Жазғандарым – ақынның өлеңдері. Сол өлеңдерінің ішіндегісінің барлығы да – *даналық*. «Білмейтінім тоқсан тоғыз» дегендей, оның даналыққа толы бұл жерге сыймас өлеңдері де тоқсан тоғыз.

Брэндтік тіркес саналатын «Абайдың асыл сөздері» қатарына міндетті түрде хәкімнің өзгелерден ерек қылар, ешкімде жоқ 45 қара сөзі легеді.

Өз даналығын өзіне ғана пір тұтпай, бірінші ғақлиясында ол 1890 жылы: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып

алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деп қаламын қайта қолға алады. Мұндағы айтпағым, Абай өзінің өмірінен көрген-түйген дүниелерін емес, ойына келген ойларды ғана қағаз бетіне жазып бастады. Бұл деген не? Сонда біздің көрген-білгеніміз Абайдың жәй ғана ойына келген ойларына да татымайды екен. Егер Абай ойын емес, түпкілікті өмірден бар көрген-білгенін осылайша қағаз бетне түсіріп отырар болса, онда ол бәлкім «Ұлылардың Ұлысы» болар ма еді? Бәлкім Абай бүгінде өз ойларын жазып, әлеуметтік желілерге жүктеп, халықтың махаббатына ие болып жүрген блогерлердің блогері болар ма еді? Байқасаңыз, бір ғана (Абай) жанның бойында ақындық, яғни дарындылық қабілеттен бөлек, философиялық биік талғам бар, *даналық бар, ешкімге ұқсамайтын даралық бар*. Абайдың тұла бойы тұлғасына осы екі атауды бекітіп беру – дұрыстың дұрысы.

Бір бойына даналықпен даралықты игерген Абайдың ғақлиялары мен көркемсөздерін де тал бесіктен отбасы ұйытқылары жадымызға сіңіртеп келуде. Ал бүгінде «саналы ұрпақ», «мәңгілік ел» мақсатымен жұмыс жасап жатқан үкіметіміздің де бізге, жастарға тапсырған эстафеталары мен тапсырмалары да Абай шығармашылығынан алыс емес. Абайдың өзі айтпақшы «Болмасаң да, ұқсап бақ» дегеніндей, бұл үйдегі не түздегі игі шаралар – бізді де Абай сияқты даналық пен даралыққа бой түзетер амалдар.

Адилбек Динара
әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің
Филология және әлем тілдері факультетінің
1-курс студенті

Қазақтың дана Абайы
(Абай-руханиаттың алтын қазығы)

Ауырса бала емшісі оның анасы,
Асау ақынның шабытын тербер даласы.
Елі үшін туып, халқы үшін азап шегетін,
Әрбір халықтың болады дара данасы.

Қазағым кенде емес—ті мұндай жандарға,
Жалғайтын жұртын ойлаумен таңды таңдарға.
Абайы барда кеңпейіл, шешен қазаққа,
Дамушы елден дамыған болу арман ба?

Қазағы үшін қайырылған сұрау белгі боп,
Қиындық көрді тұрса да қанша белді боп.
Ұлы Абайдың ескерткішінің алдына,
Келді ғой қанша шыншыл адамдар шерлі боп.

Жалғыздан – жалғыз шуағын шашты түнде де,
Шыдамды болды ауыр да азап күндерде.
Алауыздықта адасып жүрген жастарды,
Шақырды ойшыл қараңғы жолмен жүрмеуге.

Сабырлы болды шеттетіп бәрі жатқанмен,

Арынды болды әр күні мұңды батқанмен.
Ағайын – туыс сатқындық жасап жатса да,
Күрескер болды өткір шындықты жақтаумен.

Табанды болып қалады жарқын бастауды,
Шегінбес артқа, ұмтылыс күндер басталды.
Ұлы дарынның Шәкәрім сынды шәкірті,
Үлгі алуға шақырды құмар жастарды.

Қарасөздері сынады қазақ мінезін,
Анықтап айтып ері мен елдің шын езін.
Адасқақ елдің артта қалғаны емес пе?
Ой – көкірексіз көреді биік тым өзін.

Ұстаған бірдей ақыл мен қайрат, жүрегін,
Өзінен биік халқының қойған тілегін.
Тоғжан мен Абай махаббаттары мәңгілік,
Ұлағат болып ұрпаққа жетсін – тілегім.

Тойдырар қарнын аянбай еңбек еткендер,
Еңбек еткендер - мақсаттарына жеткендер.
Мазмұнға толы мысалдар айтқан көп оймен,
Ей, оқығандар, ұмытып оны кетпендер.

Есетова Мөлдір Куншуакқызы

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

филология және әлем тілдері факультеті

2-курс студенті

Абай тағылымы тәрбие үрдісінде...

Асыл сөзді издесең,

Абайды оқы ерінбе, - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, шынында да Абайдың жазған әрбір сөзі ұрпақ тәрбиесінде тағылымы мол дүние.

Абай - мәңгілік тақырып. Әр ұрпақ Абайды өзінше танып, өзінше оқып, өзінше дәріптейді. Дәл қазіргі уақытта Абайдың кез – келген шығармасы ойы жұтан, рухани ой – өрісі төмен жандарға ауадай қажет. Ұрпақты Абай үлгісінде тәрбиелеу – ізгілікке, имандылыққа, адамдыққа, биік адамгершілікке бастайтын жол. Адам баласы Абай әлеміне үніліп, Абайға бет бұрғаны дұрыс. Әрбір азамат Абай қара сөздерін өзінің дұрыс жолға салар бағдаршамындай көруі керек. Себебі, дана Абайдың айтқан әрбір сөзі саналы адамның көкірегіне ой салып, адамшылық жолға тәрбиелейтін өсиеттен тұрады. Оны мына төмендегі Абайдың отыз бірінші қара сөзінен көруге болады.

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер».

Абай бұл қара сөзінде ойшыл оқырманын естілікке, ынталы болуға, ұғымтал боп өсуге тәрбиелейді. Абай ақылды адам болып қалыптасып, ғылымды

игерудің басты қағидаларын санамалап береді. Зеректілік дегеніміз – естіген нәрсені есте сақтап, ол туралы ой қорытып, көкірекке бекітіп алу. Сондықтан есте сақтаудың басты заңы – ойлау. Есте сақтауға тиістіні ойлау, есте сақтайтынды бұрын білетініңмен байланыстыру, есте сақтағаныңды ойша көз алдына елестету. Ең бастысы – осының бәрі өзіңе қашан, неліктен керек боларын білу болып табылады. Ақыл мен ғылымның адам санасына сіңуіне кедергі келтірер ой кеселдерін Абай атап көрсетеді, олардан бойды аулақ ұстау қажеттігін баса ескертеді.

Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, егіншілікке, өнер-білімге шақырады.

Мәселен, Абайдың бүкіл шығармашылық жолының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талдайтын болсам:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.

...

Мұны жазған білген құл –

Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл.

Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, кеңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Байыппен қарасақ, мұнда терең мағына, терең ой жатыр. Кісіні сөзіне қарай, яғни, ақылына, ойына қарай бағала, кісіге қарап,

оның мансабына, дәулетіне қарап ақылға сыймайтын, қисынға келмейтін сөзіне иланып алданып қалма, «надандықпен кім айтса, ондай түпсіз сөзге ерме...» деген даналық пікірді аңғартады. Абай надандыққа, қандай да болсын теріс, кертартпа ықпалға қарсы тура алатын оқыған, біліммен қаруланған адамды құрметтеу керек деп санайды. Ең алдымен білімді, ғалым адам мақтан тұтуға лайықты. Ақылды, парасатты адамның идеал бейнесін ұсына отырып, Абай оған жақсылықты жамандықтан ажырата білмейтін, ағыммен ілесіп жүре беруге бейімделген надан, қараңғы адамды қарсы қойды. Топас, кертартпа адамның осы жағымсыз типі ақынның шығармашылық жолына өте тән және ағарту ісін, өнер-білімді жақтаушы Абайдың алдыңғы қатарлы көзқарасын білдіреді.

Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айына бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.

Абай сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның ролін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы-жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақ сүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген буржуазиялық нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деді.

Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді.

Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана.

Абайдың түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», - дейді Абай. Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу- жан құмарлығы (жетінші сөз) деп ой түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» деген қорытынды жасайды.

Қортындылай келе, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев:

«Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары.

... Абай – біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауы тиіс...» - дейді.

Өз басым Абай шығармаларын оқып, қара сөздерін көңілге тоқып көп ғибрат алдым. Шынында да, Абай өлеңдерін оқысаң, ерекше әсерге бөленесің. Түсініп оқи білген адамға, мән – мағынасы терең, тәлім – тәрбиеге толы шығармалар деп ойлаймын.

Демек, саналы ғұмырын, жыр жауһарын «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деп өсиет еткен ұлы ақын, кемеңгер хакім Абай жайындағы айтпақ ойымызды түйіндей түспек. Айтпақ ойымыздың бастау бұлағы Абайдан басталды және кемеңгер ақын жайында айтылған «бар қазақтың жүрегіне жол тапқан» жазушы әрі ғалым Сәбит Мұқановтың біздің айтпақ ойымызды айғақтай түсетін бір пікіріне жүгінсек: «Данышпандардың бәрі - ақын емес, ақындардың бәрі - данышпан емес, Абай - солардың екеуі де болды». Айтылған пікір - хакім Абайдың данышпандық образының жарқын беттерін аша

түседі. Бұл пікірді тағы бір пікірмен толықтырудың, сабақтастырудың өзі артық дүние.

Мұхтар Тоқжан

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің
Филология және әлем тілдері факультетінің
1-курс студенті

Ұлылықты ұлықта !

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе,
Адалдықты көздесең,
Жаттап тоқы көңілге!

Қазақ ақындарының басы болған Абайдан барлық ақын үлгі алады десек қателеспейтін шығармыз. «Абай жолы» атты төрт томдық кітабы арқылы ақынның өмір жолын жер шарына танытқан Мұхтар Әуезов: «Абай Құнанбайұлы - біртуар ойшыл. "Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Еуропа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», - деп өз ойын білдірсе, ғалым, ақын әрі әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынов : Қазақтың бас ақыны - Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы - соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ,-деп ақынды мойындап, оның басқа ақындардан ерекше таланты мен даналығына сүйсінеді. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді оятып, еңбекқорлыққа, адалдыққа үндейтін Абай шығармаларының әрқайсысының орны бөлек. Абай - ұлттың қамын ойлаған, елдің мұңын мұндаған ұлы ақын, философ, күйші әрі композитор. Бір

бойына осыншама қасиетті жинаған тұлғаны ұлы дейтініміз де сондықтан. Абайдың өзге ақын-жазушыдан бөлек болатыны адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын жасай білуімен байланысты. Оның философиялық тұжырымдары әлем ұстаз тұтқан Аристотель, шығыста Әл-Фарабидің көзқарасымен сәйкес келеді. Әсіресе толық адам философиясының қоғамда алар орны үлкен. Адам тану мен адамгершіліктің мәніне, сырына үңіле түсіп, қайтсем адам атын асқақ, асыл етем деп шарқ ұрған ақын, адамның ең басты құндылығы мінезінен көрінетіндігін айтады. Оны : - Мен егер Закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім,- деген сөзінен-ақ аңғаруға болады. Сонымен қатар әр адам өз бойындағы үш асыл: ақыл, қайрат, жүректі бір арнаға тоғыстырып ұстауы керек, сонда ғана елден ерек болып бой түзеп, қалыптасатынын айтады. Өлеңдерімен қоса қара сөздерінің барлығында адамның ішіндегісін айтқызыбай-ақ ұғып, сол дәуірдің жағымпаздарын ашына суреттеп, адамның тұлға болып қалыптасуы үшін қажет құндылықтарды да тереңнен тұжырымдайды. Жетінші қара сөзінде нәпсінің адам бойын билесе қандай жағдайға жеткізетінін ескере былай дейді:

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Нәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

... Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те,

білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз». Расында, кішкене күнімізде қазіргі кезімізге қарағанда шыншыл, еңбекқор әрі батылырақ едік. Бала күнде ұрсады екен, айтуға болмайды дегенге қарамай-ақ тек шындықты айтудан жалтармаушы едік. Барлық құбылыс-қозғалысты қызық көріп, таңырқап жүргенде қазір өлердей қорқып жүрген небір жәндіктерді талай қылғытып жұтып жібергенде болармыз. Осының бәрі ақымақтық па? Жоқ, бұл - жаңа нәрсені үйренсем деген талпыныс! Осындай талпынысты оята алсақ, әрбір адам өзі ойламағаннан да жоғары дүниеге қабілетті болушы еді. Мысалға, біздің ҚазҰУ - қаншама талантты әрі еңбекқор жандардың жиналған ордасы. Бірақ таяқтың екі ұшы болатыны секілді, университетімізде тек оқуды бітіріп, ешқандай қоғамдық жұмысқа қатыспай, диплом алғанына мәз студенттер де бар. Солардың біразын өзімде көрдім. Бірақ сол сәтті ылғида әкемің: - Адамның алған дипломының түсі емес, диплом алғаннан кейінгі жасаған ісі маңызды, - дегенін жадымда ұстаймын. Себебі оған да негіз бар. Факультет намысын қорғап, атын шығарып жүрген студенттерге қарап сүйсінсең, сабаққа барып келгеннен басқа түк бітірмейтін екінші бір студенттерге қарап қарап жаның ашиды. Ондай студенттің қара шаңырақ оқу ордасының атын шығаруды ойлау түгілі, өз қара басының қамын ойлаудан уақыты арылмайды. Ал әлден тек өз жағдайынан басқаны ойламайтын адамнан болашақта еліне қызмет ететін қандай маман күтеміз? Ұлы Абайдың да қарастырған жас баласының екі мінезі осы екі жас буынға сәйкес емес пе?! «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» - деп ақын жырлаған өлеңнің астарындағы жасырылған мән де осыған саяды. Әрқайсысымыздың қоғамнан алатын орнымыз бар, сол орнымызды тауып қоғамның бір кірпіші болып қалану арқылы айналамызға да, қоғамға пайдалы азамат бола аламыз.

Университетіміздің еңбекқор әрі дарынды оқытушысы Нұрлан Наурызәлиевтың :- Әр қазақ баласына жастайынан Абайдың ілімін үйретейік. Жалқау, жанаяр болып өспеуі үшін Абайдың философиясын ұғындырайық. «Жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды кім түртпек? Ақылға сәуле қонбаса, хайуанша жүріп күнелтпек»,- деп насихаттаған ақынның өлеңдері кімнің болсын көкірегіне сәуле түсірері хақ. Бірақ өзің білмегенді өзгеге біл деп міндеттей алмасың анық. Сол себепті Абайды оқуды, оның өнерін түйсінуді өзімізден бастайық,-деген ұстаның ақылын ылғи да жадымда ұстаймын.

Сонымен қатар университетіміздің Абайдың 175 жылдығына орай ұйымдастырып отырған шарасына қолдаймын. Ректорымыз Ғалымқайыр Мұтанұлының эстафетасын қабыл ала отырып, барлық студенттерді ат салысуға шақырамын. Себебі, Ұлының ұлылығын ұлықтау – міндетіміз!

Суйеубаева Ақмарал Таңатарқызы
әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің
Филология және әлем тілдері факультетінің
2-курс

Ұлыны ұлықтаған қандай бақыт!

Адам...

Мен бұл сөзге нүкте қоя алмаймын. Өйткені бұл сөздің тереңінде сезімнің ақындығы, жүректің батырлығы жатыр. Үлкен мағыналы сөз емес пе?

Адам...

Не деген қасиетті, не деген ұлы есім. Жан біткен жер үстінде жалғыз дүркін тіршілік етпек, ғұмыр кешпек. Ал осынау бір-ақ рет берілер өмірде адам болудан артық арман бар ма?

Өмір жолын адам болу жолына, адам тәрбиесіне арнап өткен ұлы тұлға Абай атамызды айтпай кетпеуге болмас.

Абай өлеңдері – ұлттық поэзияның, күллі қазақ әдебиетінің, қазақтың қара өлеңінің жаңа бір белеске көтерілуі мен кемелденуінің куәсі. Абай ел есінде мәңгілік ойып орын алып, болашақ ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталмақ.

Қарапайым өмірде «Адам деген кім?» деген сұраққа түрлі жауап алуға болады. Халықта кейде адамды жан деп атайды. Мысалы, баласын еркелетіп «жаным менің!» деп, кейде жиындарда «көп жандар жиналды», «көптеген жандар» секілді сөз тіркестері айтылады. «Жан» сөзі Абай шығармаларында көп кездеседі. Бұл сөзді ол рухани жанды білдіру үшін қолданады.

Бұл туралы ары қарай Абай өзінің жиырма жетінші сөзінде жалғастырады. Ойшыл бұл жерде Сократ пен оның шәкірті Аристотель арасындағы әңгімені былай келтіреді:

«— Ей, Аристотель! Қалайша сен бір өзіңнен, яғни адамнан басқада ақыл жоқ деп ойлайсың? - деді. Адам денесі өзің жүрген жердің бір битімдей құмына

ұқсас емес пе? Денеңде болған дымдар жердегі сулардың бір тамшысындай емес пе? Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың». Әрі қарай ойшыл бұның барлығы бір Құдайдың жаратуы екенін айта отырып, осы ұзақ жолда басқа тіршілік иелерінің арасында адамның ерекше орны бар екенін айтады. Бұл туралы Абай өзінің жетінші қара сөзінде былай дейді:

«Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгел түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әуелде Алла тағала адамның жанын хайуанның жанынан ірі қылып жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны». Әрі қарай данышпан адамның бала кезінде барлығын сұрап білуге құштар болатынын, бірақ өскеннен кейін оның барлығы ұмытылып, көңілі суитынын айтады. Сонымен, жан адамды жас кезінде билеп, оны білімге құштарландырады. Ал, өсе келе ол нәпсісіне ие бола алмай жанын фәни өмірдің залалдарымен былғап алады. Бұл тәннің бой бермей, адам тек қана тәннің құмарына беріледі. Сөйтіп оның жаны рухани азықтан тапшылық көрген соң, адам азғындау жолына түседі. Түрлі күнәларға батады.

Мал мен адам өмірінің айырмашылығын Абай былай айтады:

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?

«Малда да бар жан мен тән, ақыл, сезім болмаса» деген жолдағы ақыл мен сезім адамға берілетін ерекше ақыл, сезім деп түсінеміз. Әйтпесе хайуанаттарда да өздеріне тән ақыл сезім бары белгілі. Бұл өлең жолдарымен Абай адам мен хайуанаттардың ақыл-сезім айырмашылықтарын көрсетеді.

Жер бетіндегі барлық жан иелерінің, олардың ішіндегі адамның басқалармен тығыз байланысын Абай өзінің отыз сегізінші сөзінде суреттейді: «Ғақлия дәлелім құдай Тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен

жаратқан, онан басқа, бірінен бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандарды пайдаланатұғын ақылды адамды жаратыпты».

Сонымен, адам баласы әлемдегі басқа жан иелерінің арасында ерекше орын алады. Себебі, оған басқаларда жоқ ерік пен ақыл-ес берілген. Сол ерік пен ақыл-есін дұрыс пайдалану арқылы адам баласы жетілудің жоғарғы деңгейіне көтеріле алады екен. Бірақ өзіне берілген ерікті дұрыс пайдалана алуы қажет. Өмірдің мақсатын дұрыс түсініп, дұрыс әрекет жасау үшін адам өзін-өзі дұрыс тани білуі керек. Адамның өзін-өзі тануы сонау балалық шақтан өмірінің соңғы сәттеріне дейін жалғасады. Ал, адамның өзін-өзі тануы қоғам өмірі үшін де маңызы зор. Мысалы, ғылымда бір құбылысты танып білу үшін оған қатысы бар барлық нәрселерді зерттейді. Сол секілді қоғамды тану үшін зерттеуді оның бөлшегі саналатын адамнан яғни бүкіл тіршілік иелерін танудан бастау керек. Адам – жан мен ақыл-естің біріккендегі көрінісі. Абай «Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан» деп жанның мәңгілікке өлмейтінін айтады. Егер жан туатын болса, онда ол мәңгілік емес, яғни өлуі де керек. Бұл табиғат заңдылығы. Ендеше жан тумайды да өлмейді де. Ол – тән. Абай бұл туралы өзінің «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңінде тәнді – табиғат деп, ал жанды – адам деп алады. Ақынның сөзі бойынша, жан мен тәннің айырылғанын өлді деп санау білместік. Яғни дене табиғат болғандықтан үнемі өзгеріп отырады. Бала туғаннан кейін есейіп, жасөспірім, бозбала, жігіт, жас адам, кемелденген шақ, қарт адам болып өзгереді. Бұл – тән. Ал, жан ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Сол себепті ол өлмейді, өлмегендіктен тумайды. Оның өткені, бүгіні, болашағы жоқ. Ол мәңгілік, ешқашан қартаймайды. Сол себепті кәрі адамдар өздерін жас балаша сезінеді. Ойшылдың жиырма жетінші қара сөзінде «Жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың» деген сөзі жаны болған соң ғана адамның санасы болып, ақылды өмір сүре алатынын білдіреді. Абайдың «тәнді жан басқаруы керек» дейтін ойы жан болмаса тірлік те, өмір де жоқ деген тұжырымға әкеледі. Жан бүкіл денеге қуат береді және бүкіл дененің жұмысын басқарады.

Қорыта келгенде, Абай – қазақ топырағынан шыққан кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады. Адам баласының бойындағы қасиеттерінен бастап, жан мен тәннің айырмашылығына дейін сөз етеді. Абай Алла тағаланың жаратқан жаратылысының жаны өзінен қуат алып, Алланың басқаруымен болатынын айтады. Абай өмірін қарастырғанда, осы айтылғандардың растығына оның өмірі дәлел бола алатынына көзімізді жеткіздік. Абай – мен үшін тұтас бір әлем! Ол – аспаны биік, түбі – тұңғық, ұшы-қиырына көз жетпейтін кең дүние.

Сөнбе деп Абай айтқан жанбай жатып,

Жырлайын Құдай берсе таңдайға құт.

Халқыма көз тастап ем, қиығын сап

Көрейін Абай жайлы сөз толғантып.

Тағдыр берген ұлылықпен мақтанды елі,

Таныс маған балалық шақтан бері.

Қазақтың осындай бас ақыны

Қазағымның ақиық ақтаңгері.

Бәйтеректей көкке құлаш жайғандағы,

Қара өлеңнің қасиетті қайран бағы.

Қара сөздің майын тұрып тамызар,

Абай ақын – өлеңнің пайғамбары.

Шәми Гүлназ Сәкенқызы

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің
Филология және әлем тілдері факультетінің
2-курс студенті

АБАЙДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

Оның поэзиясы түнек өмірге қарсы көтерілген алдаспан болды.

Мирей Борис

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Хакім Абай жайында айтқан сөздерінің бірінде: «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» деген болатын. Сындарлы басқарудың озық үлгісін көрсете білген тұңғыш Президенттің қазақтың бас ақыны жайында осылай тереңнен ой қозғауы тектен-тек емес. Өз кезегінде халқының мұң-мұқтажын жоқтап, қараңғы қазақтың көгіне күн болып шыққан, жазба әдебиеттің алғаш негізін салушылардың бірі атанып, пәлсапа мен ғылымнан хабары болған Құнанбайұлы Абайдың даңқы жаһандану заманында да көкке өрлеп жатқаны - оның еткен еңбегі мен төккен терінің зая кетпегені, мәңгілік өнердің өресіне шыққаны. Абай Құнанбайұлының ғасырлар тоғысында рухани азық болатын шығармаларының басым бөлігі адамзатты жақсылыққа үйретуші, ілім мен ғылымды дәріптеуші, толық адам, яғни нағыз тұлғаның кескіні мен болмысынан хабар беруші, тән ғылымы мен жан ғылымынан да адамды алға бастаушы болып табылады. Дара Абайдың даналығын көрсететін нышан – оның төл туындылары. Абай шығармаларының ғажайып тұсы – олардың өң бойында өсиет пен өнегенің өресі, адамзатқа азық болар асыл сөздің төресі жатуы.

Даналықтан дән іздеген жолаушы-адамның Хакім туындыларына соқпай кетуі мүмкін емес.

«Ердің артында көп алтын қалғанша, жақсы аты қалғаны игі:

Өлер ердің алтын болмай мақсаты,

Ізгілік қой – қалған болса жақсы аты» деп әдебиетке әр берген Сәйф Сарайи ақын айтқандай, бұның себебі – ақын туындыларында ізгіліктің үстемдік орнатуы, оқырманына тура жолдың тізгінін өз қолымен ұстап беруі. Ақыннан қалған бай мұраны тиісінше қолдана білген жанның мақсат-мұратына мерзімінде жетері хақ. Абай айтқан асыл сөзді ой маржанына тізіп, жүрек сүзгіден өткізіп, көңілге қондырып көрелік.

Ойға алған істі орындамақ үшін, нәпсінің жетегіне ермес үшін, күнкөрісі күнде өзгерген алмағайып дүниеде бақытты болмақ үшін керек қасиет – сабырлылық.

«Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!

Саяламай сай таппай,

Не күн туды басыңа

Күні-түні жай таппай?

...Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!

Сабыр түбі – сары алтын.» деп дана Абай діннің өзегі саналатын қасиет турасында, бүгіндері психолог ғалымдардың осы тақырыпта дәлелдеп жатқан тұжырымдары жайында осыдан біраз жыл бұрын айтып кеткен екен. Бұл өлеңімен Абай тек қыз таңдаған жігітке керекті ақыл мен нақылды айтып қана қоймай, көңілдің жайлылығы мен шыдамдылықтың ең биік шың екенін, сабырлының мұратқа жететінін көзі қарақты оқырманға жеткізгісі келіп тұрған іспетті. "Асығыс түбі өкініш, ойланып алмақ сабыр сол" деген саналы өлең жолыменен де осы ойды дәйектеп, дәлелдеп тұр.

«Берекенді қашырма» деген Абай. Берекені қашыратын ұнамсыз қасиеттер – іштарлық, қызғаншақтық, көреалмаушылық. Бұл надандық сүйгеннің бойынан табылатын алғашқы белгілер. Осы белгіердің белінен ұстап, белшесінен батқан адамның бойында ауру пайда бола бастайтыны сізге мәлім бе еді? Тән ауруларын жан сырқатымен байланыстырып зерттейтін бүгінгі күнде көпшіліктің қызығушылығын тудырып жүрген психосоматика ғылымы осы тұжырымды дәлелдеу үстінде. Бұл хақында дара Абай:

«Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың,
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,

Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың» деп «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде айтып кеткендей күндестік, көреалмаушылық, қызғаныш секілді жағымсыз қылықтар адам тәнінде болатын гастрит, бүйрек ауруларына апарып соқтырады екен. 175 жыл бұрын ғұмыр кешкен Хакім елінің жағымсыз қылықтары мен билік басындағылардың озбырлығын жырлаған туындысында психосоматиканың бір бөлігі жатқанын сезбеген де болар...

Күллі қазақтың кредосына айналған Абай Құнанбайұлының «Пайда ойлама, ар ойла» деген «Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы» деп басталатын өлеңінен алынған бір ауыз сөзінің астарында қаншама мән мен мағына, үлгі мен өнеге, тағылымды тәрбиенің бастауы жатыр. Адамгершіліктің асыл тәжі – ар мен ұят бар жерде иба мен инабат та, ақыл мен көркем мінездің ұшпағы да болатыны сөзсіз. Дәуірінің дүлділі Абайдың осыншама көрегендікті бір тармаққа сыйғызып қойғаны неткен ұлылық десеңізші!

Көпшілігімізге бала кезден таныс Абайдың «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды...» деп басталатын қыстың қытымыр аязы мен кесек келбетін өздігінше

бөлек суреттеген өлеңінде «Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!» деген тармағы Абайдың малшыларға айтқан көңіл сергітер сөзі болып көрінеді. Алайда, астарына үңілсек мақсаттың шыңына жетіп, өз жоспарларыңды жүйелі орындай білу үшін қажырлы еңбектің, қайтпас қайраттың, мұқалмас жігердің қажеттігін көрсетіп тұрғандай. ХХІ ғасырдың «тренд», яғни «жаңаша» тақырыптарының бірі «тайм-менеджменттің» бір ұшпағын осы өлеңнен байқап қалдым. А.Маслоудың «Қажеттілік пирамидасының» алғашқы бөлігін құрайтын физиологиялық қажеттіліктің бірі – ұйқының оңалуы немесе ұйқыны ретке келтіру келте ғұмырдың кереметтілігін кіргізе түсетін айшықты методиканың бірі. Абайдан қалған асыл мұраның бүгінгі күннің жаңашылдығымен байланыста болуы – оның ұлылығын тағы бір мәрте айқындай түседі емес пе?

Халқының біртума ұлы «Он бесінші қара сөзінде»: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен өзің есеп ал!» деген екен. Әуел бастан адамзатқа берілген «асыл сыйлардың» қадірін кетіріп алатын да индивид яки тұлғаның өзі, я болмаса, әл-Фараби ғұлама айтып кеткендей «Даналық сүйгеннің сүйікті ісі - өзін-өзі жаңғыртып отыру» демекші бойындағы барын даңқтату да өз қолыңда екенін жеткізіп тұр. Адамның алған тәрбиесі мен жақсы қасиеттердің бойына дұрыс даруы оның өзін-өзі бағалауына, өз-өзіне есеп беруіне, өзін-өзі жөнге салып отыруына байланысты.

Барлық этноста қалыптасқан әлеуметтік табиғи және адам болмысын танытатын күрделі құбылыс бар. Ол – күлкі. «Күлкі - шабуын білмесең, өз тірсегіңді өзің қиып түсіретін наркескен қылыш сияқты қатерлі қару» деген екен Әбіш Кекілбаев ағамыз. Адамзаттың өмірін орнымен қолданған уақытта ұзартатын, шегінен асып қолданысқа түссе қысқа ғұмырды одан әрмен келте етуге қауқары жететін бұл құбылыс турасында Хакім Абайдың не дейтіні жайлы білесіз бе? Абай: «Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде

бас ауыртатұғынын» дейді «Төртінші қара сөзінде». Яғни мас күлкінің күлкіге салынған кісіге тән екендігі, ондай жанның ақыл мен ұяттан, шаруадан қол үзетіні мәлім. Ал күлкіге салыну – жалқаулық пен бойкүйездіктің, ісі жоқ адамның душар болатын күйі. Сонда күлкіге салынбас үшін қайтпек ек деген ой туады. Абай бұл тұрғыда тек күлкіге қатысты кеңестер беріп қана қоймай, не істеу қажет деген маңызды сұраққа да жауап беріп кетеді. Хакім күліп жүруден ада бол демейді, орынсыз күлкіге орын жоқ дейді. Орынсыз қылжақ пен ыржақ түбі жақсылыққа апармайтындығын көрсетеді. “Әуелі Құ- дайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң қара жер де бе-реді, құр тастамайды” деп өмірдің өресін арттыра түсетін ең әуелгі фактор - еңбек екенді- гін атайды да,

“Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,

Ең болмаса еңбекпен мал табалық” деу арқылы орынсыз күлкіден сақтанудың жолы еңбек ету, бір істі жаныңа серік ету деп бекітеді.

Абай салып кеткен сара жолдың ізіне түсіп, сабырлылықты сарапқа салып, надан- дықтың бас белгілерін бүтіндеп, уақыт пен ұйқының да ауанын шалып, ар ісінің ең ұлы екенін тағы бір мәрте дәлелдеп, күлкінің қатерлісін айқындап, адамға керек іс - есеп беру мен еңбекті еске түсіріп, ақынның асыл сөздерін дерек те, дәйек те етіп пайдаландық. Бұл ұлы ақынның біз ғұмыр бойы ұстануға тиіс өсиеттерінің көптен бірі ғана. Осы аталған тұ-жырымдарды тұлға бойында тұтастырып тұратын ең үлкен күш – адамшылық. Оның та- нылатын аймағы – мейірімділік, өзге адамзат баласын өз бауырындай сүйю, қадірлеу. «Адамзат бүгін – адам, ертең - топырақ» демекші тал бесіктен жер бесікке дейінгі уақыт--ты саналы етіп өткізудің де басты құпиясы осында.

«Әкесінің баласы – адамның дұспаны,

Адамның баласы - бауырың» дейді Хакім. Көркем мінез бен кемеңгер ақылдың басты си- паты міне, осы. Адамды сүйгеннің ісі де оңғарылып, сөзі

мірдің оғындай, әдептің әсем үл-гісін көрсете алатын, мінезі жатқа да, жақынға да майдай жағатын, тағдыры тамашаға, күндері көктемге толы тұлғаға айналады.

«Сүйер ұлың болса, сен сүй,

Сүйінерге жарар ол» деп Абайдың өзі айтқандай, ұлтының мұрасын күллі әлемге паш еткен аты даңқты ұлдың шығармаларындағы әр жанға керек болатын асыл сөздерді шолып өттік. Бүгінгі күннің өзекті мәселелері де Абай шығармаларынан үндесім тапқанын дәлелдеу арқылы, өткен уақыттың әр тұсын тереңінен қозғаған Абай өлеңдерінің бүгінгімен жалғастығын суреттеп, Абай шығармаларына жаңаша леп сыйлап, Хакімнің сүбелі сөздерінің өзектілігін әлі жоймағандығын байқадық.

Результаты голосования доступны на нашей странице в Instagram

elibrary.kaznu

по ссылке:

<https://www.instagram.com/p/CArkJ2GnMhh/>

Также предлагаем ознакомиться с видео-конкурсом по хэштегу

[#abai_175_alfarabi_kitaphana](#)

видеоролики победителей доступны по ссылке:

https://www.instagram.com/p/B_XwtMdnx18/